



Jaqsynyń aty ólmeidi, álimniń haty ólmeidi

BUQAR JYRAY JARSHYSY

№14
(1356)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazetі Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jylдың 12 sáýirinen bastap shygady Газета издаётся с 12 апреля 1939 года

11

sáýir 2020 jyl
апреля 2020 года

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы



Тәуелсіздік жылдары ел өмірінің ең қиын да күрделі кезеңдерінде мен кез келген мәселені қадірменді отандастарыммен бірге бүкпесіз, ашық талқыға салып, туған халқыммен үнемі ой бөлісіп келемін. Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұртыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын.

(Жалғасы 2-ші бетте).

Жүрегімізге сенім ұялатты

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ұлт басына қауіп төнген қазіргі сәтте барша халықты сабырға, байсалдылыққа шақырып, жұртына төнген жаман індеттен бірлесе дауа іздеп, халқына ақ тілеулі сөзін арнап, үндеу жолдады.

Игі мақсатта атқарылып жатқан іс-шаралардың бәріне бүкіл халық болып қолдау көрсетуімізді жөн санайтындығын баса айтып өтті.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап ұстанған саясатының дұрыс жолда екендігіне көз жеткізіп, шолу жасап өтті. Бүкіл әлемде жаңа экономикалық дағдарыс тудырып отырған пандемияға қарсы Қазақстан да тиісті шараларды жоғарғы деңгейде атқаруда, бұл әрине, саясат пен алдын-ала қамданудың нәтижесі деп көрсетті.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз – ел болмайды, тәртіпке басын иген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін бүгінгі таңда ел амандығы үшін әрбір азаматтың есте ұстауын талап етті. Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі екендігіне ерекше жауапкершілікпен қарауды үкімет өз парызы деп санайды. Бұл сөзі жүрегімізге сенім, бойымызға қиындықтарды жеңіп шығуға күш-қуат ұялатады.

Гүлнара ХОМУТОВА,
аудандық мәслихат депутаты,
Токаревка орта мектебінің директоры

Барымен бөлісуде

8-сәуір күні ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласында: «Бүгінгідей бүкіл әлем алаң күй кешіп, ұлт саулығы сынға түскен қазіргі сәтте де баршаны сабырға, байсалдылыққа шақырып, тағы да жұртыма ақ тілеулі сөзімді арнағалы отырмын, -

Елбасы мақаласына пікірлер

деп, қапылыста барлық әлемді жайлаған індеттің адамзат баласына деген қауіпін айта келе, халқын бірлікке шақырады.

Мақалада еліміздің Тәуелсіздік жылдары бірлікпен биік белестерді бағындырып, Қазақстанның әлем мемлекеттерімен достық қарым-қатынасты берік орната білгендігі айтылған. Шынында, «көршімен тату болсаң, үйіңе береке кіреді», - деген мақалды бабалар тура айтқан.

Отандық кәсіпкерлер қаржылай, тауардай және тағы басқадай көмектерін ұсынуда. Халық қолында барларын бір-бірімен бөлісуде. Басқа іс түскенде қол көмектерін аямай жатқан жандарды көріп, көзіңе жас үйіріледі. Бірлік – дегеніміз осы, ағайын! Алла бірлігімізден айырмасын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Аида ИСКАКОВА,
клуб менгерушісі
Баймырза ауылы

Ел бірлігі – ең қуатты күш

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» мақаласын Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кіріскен сәтте жариялады.

Пандемияны ауыздықтауға «Нұр Отан» партиясы арқылы қаржы-қаражатпен, қайырымдылық шараларымен атсалысып, зор жауапкершілікпен халықты демеді. Осылайша Елбасы халықпен бірге екенін іс жүзінде дәлелдеп отыр.

Қолдаулет МҰХАМЕДЖАН,
Қызылқайың ауылы

Отклики на статью Елбасы

В единстве и согласии

В сегодняшнем обращении Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев обратился в первую очередь к представителям старшего поколения и интеллигенции с просьбой призывать народ к единению, добру, благим свершениям, здоровому образу жизни.

А к молодому поколению с обращением, что теперь пришла их очередь проявить свои силы и способности.

Также Елбасы отметил, что за годы независимости мы пережили многие трудности и кризисы: «Мы – единая страна, сплоченный народ. Я всегда был вместе с народом. И сегодня я вместе с вами».

Я всегда поддерживал и поддерживаю политику нашего Первого Президента Республики Казахстан Нұрсұлтан Назарбаева. За спиной Елбасы огромный опыт и знания, которые так необходимы в тяжелые времена.

Нұрсұлтан Назарбаев призывает к единству как к залого успешного преодоления текущих трудностей.

Я полностью поддерживаю обращение нашего Елбасы: «Не сгибаясь перед

трудностями, сбережем наше единство и согласие. Только тогда мы сможем сохранить независимость и быть достойными нашей великой цели «Мәңгілік ел».

Серик КАЛДЫБАЕВ,
депутат
районного маслихата
с.Ростовка

Молодежь – будущее страны

«Когда мы едины – мы непобедимы» - так называется статья Первого Президента Республики Казахстан, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаева.

В этой статье Елбасы призывает сограждан к выдержке в сложившейся в нашей стране ситуации.

Каждому из нас надлежит с особой заботой и большой ответственностью отнестись к жизни и здоровью самого себя и всех своих близких, и оставаться дома.

Н.Назарбаев отметил, что возлагает большую надежду на молодежь: «Хочу

сказать молодому поколению: в будущем году ровесникам нашей независимости исполнится по 30 лет. Вы – самая энергичная часть общества. Старшее поколение сделало все возможное для вас, теперь пришла и ваша очередь проявить свои силы и способности. Стремитесь совершать хорошее, будьте далеки от плохих помыслов и неблагоприятных поступков. Проявляйте уважение к старшим, заботу о младших, будьте друг другу товарищами и друзьями. Никогда не забывайте о назидании

Абая: «Если в ближнем ты не видишь друга, бесполезны все твои дела» - «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос».

Мы, молодежь нашего района, поддерживаем призыв Елбасы и постараемся оправдать все надежды старшего поколения.

Вместе мы преодолеем все трудности!

#БізБіреміз!

Мадина СУЛТАНГАЛИ,
и.о.директора МРЦ

Функционирование системы обратной связи по вопросам профилактики распространения коронавируса, ЧП, карантин и т.п. по Бухар-Жыраускому району

1. По вопросам социальных выплат - 8 (72154) 21402, 21038, 22185.
2. По профилактике КВИ - 8 (72154) 22173, 21259.
3. По вопросам предпринимательства - 8 (72154) 22230, 21667.
4. По необоснованному росту цен на продукты питания - 8 (72154) 22230, 21667.
5. По необоснованному росту цен на медикаменты - 8 (72154) 21557, 21697.
6. По внутренним маршрутам и перевозкам - 8 (72154) 22018, 21508.
7. По вопросам трудовых отношений - 8 (72154) 21402, 21038, 22185.
8. По вопросам образования - 8 (72154) 21620, 21985, 8 (700) 252 07 08, 8 (708) 266 43 87, 8 (702) 699 81 88.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мақаласы

(Жалғасы. Басы 1-ші бетте).

Тұтқиылдан келген жаман індет – коронавирус дерті барша адамзатқа қауіп-қатер төндіруде. Қазірдің өзінде дүние жүзі бойынша 1,4 миллионнан астам жан осы сырқатқа шалдығып, ондаған мың адамның өмірі қиылды. Сондықтан әлем мемлекеттері қатерлі дертке бірлесе дауа іздеп, бүгінгі заманның бар күш-қуатын, ақыл-ойы мен ғылым-білімінің жетістігін ортақ мақсат жолына бірлесе жұмылдырып, ынтымақтаса әрекет етуде.

Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға әлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып кірісті. Тиісті сақтандыру шаралары жасалды. Мемлекеттік органдар арнаулы дайындықтан өткізілді. Өзге елдерде вирус қалай пайда болып, пандемия қалай өрбіп, өршігені бақыланды. Соның нәтижесінде індеттің етек алып кетуіне мүмкіндігінше жол берілмей, ахуал күн сайын тұрақты назарда ұсталып отыр. Жағдайды оңалту үшін көп жұмыс істелді, әлі де талай шаруа атқарылатын болады. Игі мақсаттағы іс-шаралардың бәріне жер-жерлерде бүкіл халық болып қолдау көрсеткеніміз жөн.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап мен ұлы Абай атамның «Кімге достық болса, достық достық шақырады» деген дана қағидасын басшылыққа алып, әлемнің барлық мемлекетімен арадағы келісім мен достыққа, өзара сенім мен ықпалдастыққа негізделген саясат ұстандым. Егемендіктің бастапқы жылдарында іргелес елдердің бәрімен тату қарым-қатынас орнатып, шекара мәселесін түбегейлі шешкеннен кейін түрлі деңгейдегі ынтымақтастық ұйымдарын құруға бастамашы болғанымыз басты себебі де сол еді.

Еуразия экономикалық одағын, Шанхай ынтымақтастық ұйымын, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құрып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының тарихи саммитін, Астана экономикалық форумы мен бүкіләлемдік ЕХРО көрмесін өткізу шараларының бәрі – Қазақстан мен дүние жүзі мемлекеттері арасындағы өзара достық пен сенімге негізделген байланысты, экономикалық ынтымақтастықты нығайту үшін жасалды. Өмірдің өзі, дәл бүгінгі қалыптасқан жағдай біз ұстанған бірігу мен бірлесуге негізделген саясаттың бірден-бір дұрыс жол екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Жаһан жұртшылығын әбігерге салған пандемия жаңа бүкіл әлемде экономикалық дағдарыс туғызды. Алып кәсіпорындардың жұмысы тоқтады, көлік атаулының қозғалысы шектелді. Мұнайдың бағасы құлдырады. Ел мен ел арасындағы шекаралар жабылып, алыс-беріс тиылды. Мұның бәрі бұрын-соңды болмаған аса ауқымды рецессияға әкеліп соқтырып, жұмыссыздықты көбейтіп отыр.

Біздің Отанымыз Қазақстан –

қазба байлықтарға, оның ішінде мұнайға бай ел. Мен «Бізде мұнай мен газ бар екен деп, үнемі соған тәуелді болған дұрыс емес» деп талай мәрте айтқанмын. Сондықтан егемендік жылдары біз ел экономикасын әртараптандырумен болдық. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін «Қазақстан – 2050» стратегиясын жасап, «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 1000-нан астам жаңа кәсіпорын аштық. Соның арқасында әлемдік бәсекеге қабілетті өнімдер шығарылып, елімізге жаңа технологиялар келді. Бұл еліміздің үшінші технологиялық жаңғыруына жол ашты.

Ел аумағында бұрын-соңды болмаған теміржол, автокөлік жолдары салынды.

Жүйелі жүргізілген реформалар нәтижесінде ауыл шаруашылығы да айтарлықтай дамып, Қазақстан өзін ет, сүт және тағы басқа да азық-түлік өнімдерімен емін-еркін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдегі астық экспорттаушы алғашқы алты мемлекеттің қатарына қосылды.

Болашақ үшін, алда күтіп тұрған осындай алмағайып замандар сынағын еркін еңсеру үшін көп қаржы-қаражат салып, зор жауапкершілікпен атқарылған бұл реформалардың дұрыс болғанын өмірдің өзі дәлелдеді.

Біздің Ата заңымыздың бірінші бабында: «Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі», – деп нақты жазылған. Сондықтан елімізде денсаулық сақтау саласын дамытуға айрықша көңіл бөлінді. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасын қабылдап, барлық өңірде бұрын болмаған жүздеген заманауи ауруханалар мен емханалар салдық. Елордада әлемдік деңгейдегі ең озық техникалармен жарақталған аса ірі ғылыми-медициналық орталықтар ашып, оның мамандарын әлемнің ең дамыған елдерінде тәжірибеден өткіздік және «Болашақ» бағдарламасы аясында оқыттық. Осылай алдын ала қамданудың нәтижесінде ұлт денсаулығына қатер төндірген бүгінгідей қиыншылық заманда жұқпалы дерттің дәл диагностикасын жасау, оның алдын алу, науқасты емдеу сияқты тиісті шараларды біздің дәрігерлеріміз жоғары кәсіби деңгейде атқаруда.

Әрине, қалыптасып отырған жағдай оңай емес. Бұл – бүкіл әлем мемлекеттеріне түскен зор ауыртпашылық. Біз оны осындай сын сағатта септігін тигізетін халқымыздың төзімділігі, ерік-жігері және өзіне деген зор сенімі арқасында міндетті түрде жеңіп шығамыз. Ол үшін бізге қажетті нәрсе – қаржы-қаражат, материалдық ресурс, техника, азық-түлік – бәрі бар. Алаңдайтын, абыржитын еш негіз жоқ.

Әдетте жұрт көңілі алаң осындай кезді ел ішіне үрей таратып, байбалам салушылар өз мүддесіне пайдалануға тырысады. Мен халықты әртүрлі сондай азғырынды, арзан өңірлерге еруден сақ болуға шақырамын. Шынымен көптің қамын көздейтін адам айғай-шыл күшімен емес, игілікті ісі-

мен қызмет еткені дұрыс. Файбат пен байбалам орнына ғылым-біліммен шұғылданған абзал.

Бүгінгі күрес даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Тәртіпсіз – ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деген қанатты сөзін еске салады және соны бекем ұстануды талап етеді. Өздеріңіз білесіздер, бұл пандемияны көршіміз Қытай елі ұйымшылдығы мен темірдей берік тәртібінің арқасында ауыздықтай алды.

Қазіргі Қазақстанды Кеңес Одағы ыдыраған өткен ғасырдың 90-жылдарындағы Қазақстанмен салыстыруға болмайды. Бізде осындай қиындық туғанда ешкімге алақан жаймау үшін, ұрпақ қамы, ел болашағы үшін жинақталған Ұлттық қор мен алтын-валюта қорында 90 миллиард АҚШ доллары бар. Ретімен, үнемді пайдаланар болсақ, ол бүгін басымызға түскен тағдыр мен тарих сынынан еңсемізді тік ұстап өтуімізге мол мүмкіндік береді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған таяудағы үндеуінде барлық әлеуметтік топтарға, кәсіпкерлерге, ауыл шаруашылығы саласына көрсетілетін алуан түрлі көмек туралы жан-жақты мағлұмат берді. Егер Қазақстанның ұлттық экономикадағы қол жеткізген табыстары мен жоғарыда аталған қор құрылмаса, мұның бірі де болмас еді. Кезінде соның бәрін таратып берейік дегендер де болған, бірақ өмір біз қабылдаған шешімнің дұрыс болғанын көрсетті.

Енді Үкімет пен жергілікті атқару органдары соны үнемді түрде, рет-ретімен орындауға кірісуі керек. Әр министр, әрбір облыс, қала және аудан басшылары жүйемен, тәртіппен, үйлесіммен, нақты жоспармен, нық сеніммен әрекет етіп, уақытша қиындықтан шығуға барлық күш-қуатты жұмылдыруы қажет. «Nur Otan» партиясының мүшелері де осы бір сауапты істің алдыңғы қатарынан табылуға тиіс.

Еліміздің ең үлкен байлығы – адам мен оның өмірі болғандықтан, әрбір адам өзінің, отбасының, ата-анасы мен бала-шағасының өміріне, денсаулығына зор жанашырлықпен, ерекше жауапкершілікпен қарауы керек. Өйткені, ұлт денсаулығы – мемлекет қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі.

Дәл осы тұста бәрімізге халқымыздың әрдайым

үлкенге – құрмет көрсетіп, кішіге – қамқор болатын абзал қасиеттері септігін тигізеді деп сенемін.

Адамның өзіне деген сенімі – үлкен күш. Бұл бойымызға – қажыр, денемізге – қуат, жүрегімізге сенім ұялатады. Біз қазір көмекке аса мұқтаж қарияларды, ардагерлерімізді, көпбалалы аналарды, әлауқаты төмендерді, жұмысқа жарамсыз жандарды ерекше қамқорлыққа алуымыз керек. Халқымыздың бойындағы ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жеткен ең ізгі қасиеттер бізді осыған үндейді.

Дәл қазір бүкіл адамзат жолайрықта тұр. Әлемдік геосаясатты, экономиканы,

экологияны, қоғам өмірінің сан алуан саласын қамтып, тізбектеле келген, бұрын-соңды болмаған проблемалар әлем мемлекеттерінің қарым-қатынасын да өзгерте бастады. Үнді халқының ұлы гуманист қайраткері Махатма Ганди: «Әлемді өзгерту үшін әуелі өзіміз өзгеруіміз керек», – деген екен. Кеше ғана бір-бірін аяқтан шалып, жағадан алып, «санкциялық соғыстарға» жол ашқан мемлекеттер енді өзара көмек қолын созысуда. Бұл – жаһандық деңгейдегі үлкен өзгерістердің бастауы.

Әлем тарихында ондаған жылдарға, тіпті жүз жылдан да астам уақытқа созылған талай соғыстар, шиеленісті жағдайлар мен кикілжіңдер орын алған. Миллиондаған адамдарды баудай түсірген індеттер де аз болмаған. Адамзат соның бәрін жеңген. Жан алқымнан алып тұрған бұл шығалаңнан да шығамыз. Әлемнің ең алпауыт мемлекеттері осы қиындықтан сабақ алуы керек.

Кезінде Әйтеке би бабамыз: «Ел мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек. Осыларды ойлаған – қоймас түбі сүйінбей», – деген екен. Қандай керемет айтылған сөз! Дәл қазір бізге бүкіл адамзат өркениетін сүріндіретін емес, барша әлем халқын сүйіндіретін жаңашыл саясат керек.

Кез келген қиындық адамды тығырықтан шығуға, өзгеше ойлауға, қалыптасқан жұмыс тәсілдерін жетілдіруге бастайды. Ал бұл ғылым мен технологияны дамытуға, сергек өмір салтын қалыптастыруға алып келеді. Бүгінде еңбекті ұйымдастырудың креативті әдістері, тіпті жаңа кәсіп түрлері шыға бастады. Қазір адамдар біртіндеп қағазбастылықтан арылып, қашықтан жұмыс істеу режиміне көшті. Осының бәрі бір кезде алдын ала жоспарланып, кеңінен ойластырылған шаралардың арқасында ғана мүмкін болып отыр.

Рухы мықты, өзіне сенімді адамды қиындықтар шынықтырады. Сондықтан біз бойкүйездіктен, сарыуайымнан, енжарлықтан арылып, тығырықтан шығудың жолын іздеген бүкіл әлем халқымен бірге шырыға, шыңдала түсуіміз керек.

«Бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ», – деген екен әйгілі данышпан Төле би. Береке-бірліктің алмайтын қамалы, бағындырмайтын биігі болмайды. Біз үшін ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап күткен, 30 жылға жуық уақыт бұрын қолымыз жеткен азаттықты мәңгі баянды етуден асқан мұрат жоқ. Қазақстан – халқымыз тату-тәтті және келісімде өмір сүріп жатқан ортақ шаңырағымыз. Алуандығымыз – бәсекелі және жаһандық әлемдегі біздің баға жетпес байлығымыз бен артықшылығымыз. Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген барлық табысымыздың қайнары – ең алдымен халқымыздың береке-бірлігі. Алла Тағала бізді осы бірлігімізден де, тірлігімізден де айырмасын.

Мен сөзімді алдымен аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнаймын: халықты ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жаса-

уға, саламатты өмір салтын ұстануға үндеңіздер. «Ырыс алды – ынтымақ» екенін ұмытпаңыздар. Жастарды еңбекке, білім алуға, қатарының алды болуға тәрбиелеңіздер. Ұрпақ алдындағы жауапкершілік бізді осыған міндеттейді.

Жаңа өскін – жас ұрпаққа айтарым: тәуелсіздік жылдары дүниеге келген сендер келер жылы орда бұзар отызға толасыңдар. Еліміздегі ең қуатты күш – өздеріңіздер. Аға ұрпақ сендер үшін қолдан келгеннің бәрін жасады, енді сендердің де күш-қайрат жұмсайтын кездерің келді. Жамандықтан, жат әдеттен сақтанып, игі істер жасауға ұмтылыңдар. Үлкенге – ізетті, кішіге – қамқор, бір-біріңе дос болыңдар. «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесен – істің бәрі бос» деген Абай аталарыңның өсиетін ешқашан естен шығармаңдар.

Кәсіпкерлерге де арнайы айтарым бар: сіздер тәуелсіздіктің арқасында өз істеріңізді қалыптастырып, аяқтарыңызға нық тұрдыңыздар, мол дәулетке кенелдіңіздер. Енді «Мен еліме не беремін?» дейтін кездеріңіз де келді.

Осы орайда, менің өтінішім бойынша өз отандастарына қол ұшын беріп, қаржылай, заттай көмектесіп жатқан кәсіпкер азаматтар баршылық. Осы бір жарасымды үрдіс, игі іс одан әрі жалғасын табады деп сенемін.

Ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы болған жерде ғана игілік пен ізгілік қатар өркен жаяды. Осы қасиетті қағида әрбір қазақстандықтың жадынан, жүрегінен орын алуы керек.

Маған небір қиын-қыстау күндерде ешқашан намысын бермеген, қашанда бірлігі бекем, пейілі кең, құшағы ашық, бауырмал халыққа басшылық ету бақыты бұйырды. Сондықтан қазіргідей ала-бұртпа көңіл жағдайында дана да дархан халқыма – баршаңызға зор ризашылыққа толы осы сөздерімді жолдадым.

Біз тәуелсіздік жылдары сан алуан қиындық пен дағдарысты бастан өткердік. Соның бәрінде мен анық жағдайды, түйткілді проблемаларды ашық түрде алдарыңызға жайып салып отырдым. Сіздер маған үнемі сенім арттыңыздар, мен туған халқымыздың сол сенімінен ұдайы күш-қуат алдым. Сол үшін Сіздерге тағы мың да бір алғысымды білдіремін.

Ұлт денсаулығы мен мемлекет қауіпсіздігі – бір-бірімен етене, егіз ұғымдар. Мемлекет бұл қиындықтан шығу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және тиісті шараның барлығын атқарады. Бірде-бір адам, еліміздің ешбір азаматы қамқорлықсыз қалмайды.

Біз – біртұтас ел, бірлігі берік жұртпыз. Мен әрқашан халқыммен бірге болғанмын, бұл жолы да сіздермен біргемін.

Біз біргеміз. Қиындыққа қайыспай, белімізді бекем буып, береке-бірлігімізден айрылмайық. Сонда ғана біз қастерлі тәуелсіздігімізді сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік ел» болуға лайықты ете аламыз.

8-сәуір 2020 ж.

Карантинные будни: битва за урожай

Весенний день год кормит. Поэтому многих жителей области, тем более сельхозпроизводителей, интересует, как начинать полевые работы и посевную в условиях режима ЧП. Представляем блок наиболее популярных вопросов.

- Как будут проходить весенние полевые работы?
- Как известно, из-за карантина в Карагандинской области проезд автотранспорта ограничен. Но грузовые машины при соблюдении необходимых норм могут беспрепятственно пересекать карантинный периметр. Поэтому проблем для подвоза семян, горюче-смазочных материалов и других сельхозхозяйственных принадлежностей нет.
Весенние полевые работы будут проводиться в прежнем порядке, но при условии соблюдения санитарных требований.

- Где можно купить запасные части для сельскохозяйственной техники?
- В Караганде есть шесть крупных магазинов по продаже оборудования для сельскохозяйственной техники. Но из-за того, что они сейчас закрыты, Управление сельского хозяйства области проработало вопрос продажи запчастей в онлайн-режиме и доставки их на блокпосты.
Кроме того, в некоторых районных центрах тоже работают аналогичные онлайн-магазины.
- Как получить льготные горюче-смазочные материалы для сельхозформирований?
- В этом году на весенне-полевые работы в области выделено 19 тысяч тонн льготного дизельного топлива, и оно распределяется операторами сельскохозяйственных производителей.
В настоящее время ведётся работа по заключению договоров и расчётов в онлайн-режиме. Бесперебойная доставка горючего обеспечена.
- Как поставятся мясо и молоко в населённые пункты карантинного периметра?

- Если соблюдены все санитарные нормы, то молочные и мясные продукты в города и населённые пункты карантинной зоны поступают беспрепятственно и без ограничений.
Напомним, при акимате Карагандинской области в период карантина создан Центр оперативного реагирования для быстрой реакции на вопросы населения. ЦОР действует круглосуточно и без выходных. Вопросы туда передают из службы Senim 109. В центре работают специалисты всех областных управлений, департаментов, санитарной службы и полиции.
Обратиться в контакт-центр можно с помощью Facebook на странице senim 109. Все сообщения в соцсети должны быть помечены хештегом #senim109 и содержать не менее 25 символов.
Отправить жалобу и предложение также можно через Telegram-бот senim109.kz и на интернет-портал senim109.kz. По этой ссылке ваши обращения попадут в соцсети <https://www.instagram.com/senim109.kz/> (<https://t.me/senim109.kz>).

#ОставайтесьДома

Внеклассные уроки

Директор Уштобинской школы Сауле Артыкбаева идет по школьным коридорам, мимо классных кабинетов. Непривычно пусто и тихо. Обычно в это время внутри школы очень шумно, особенно на переменах, не смолкает детский смех и в школьном дворе – дети играют, греются на весеннем солнце.

Сейчас картина другая. Из-за карантинных мер, связанных с пандемией коронавируса, с 6 апреля учащиеся школы, как и

смартфона, у других смартфон был, но не было тарифа с выходом в Интернет, - рассказывает Сауле Жаксылыковна. - Тогда мы

состоялся пробный урок, все ученики школы вместе с педагогами смогли участвовать в общереспубликанском мероприятии.

- Нам были предложены разные образовательные платформы «BilimLand», «Kundelik.kz», «Daryn.online» и др. Мы их опробовали, попытались поработать с помощью Zoom. В итоге остановились на наиболее удобной – образовательной платформе «Google classroom», - говорит Сауле Артыкбаева. - Сегодня все уроки мы проводим там. С помощью этой программы учителя дают задания ученикам, делятся необходимыми материалами, могут оставить какие-то замечания, налажена у нас и обратная связь с детьми. Платформа удобна еще и тем, что сюда можно загружать видео, ссылки на уроки, делать презентации с озвучкой. Ученик может открыть любую ссылку, посмотреть видео в удобное для него время.

Дополнительным ресурсом для учителей и школьников стали и телевизионные уроки на каналах «Ел арна» и «Балапан». Расписание телеуроков дети получают каждый день. После просмотра урока дети выполняют задание, потом по удобному каналу связи общаются с учителем.

О том, как организовано дистанционное обучение в школе, С.Артыкбаева рассказала коллегам в ходе республиканской видеоконференции, которую проводило Министерство образования и

через WhatsApp. О платформе, по которой обучаемся мы, практически никто не слышал, поэтому я решила рассказать, как учатся наши дети с помощью этой образовательной платформы.

Педагог с 17-летним стажем работы Анна Сергеевна Штейнбрер считает, что во всем надо искать плюсы, в том числе и в дистанционном обучении.

- Работать в дистанционном формате – это для нас новое, вот теперь и мы учимся работать с помощью новых технологий и в этом есть большой плюс, - говорит Анна Сергеевна. - Если ученики более активно работают в социальных сетях, на интернет-сайтах, то нам, учителям, немного сложнее. Но мы стараемся не отставать от своих учеников. Учимся уже неделю, и точно могу сказать, что образовательная платформа,

загружены в платформу, и ученики с 1 по 9 класс могут в любое время – утром, в обед или вечером зайти на сайт и приступить к выполнению заданий. Старшеклассники 10-11 классов занимаются с 14.00.

Тем, кто учится по обновленной программе, успеваемость оценивают в виде комментариев и рекомендаций по каждому предмету, на каждое задание. А вот учащиеся выпускного 11 класса получают оценки.

Ученица 10 класса Камила Сербасова надеется, что следующий учебный год в школе начнется традиционно. Девушка говорит, что очень скучает по школе, учителям, одноклассникам и признается, что не хватает живого общения.

- Учитывая сложившуюся ситуацию, сейчас ответственность



других общеобразовательных учреждений, перешли на дистанционное обучение.

К слову сказать, в нашем районе часть школьников – это порядка 2018 человек учатся по заданиям, которые им доставляют курьеры. Как пояснили в районном отделе образования, это учащиеся 28 школ, где из-за отсутствия в этих населенных пунктах высокоскоростного Интернета, сотовой связи, компьютеров и смартфонов у школьников и педагогов, организовать дистанционное обучение не представлялось возможным. Поэтому для таких учащихся решили наладить курьерскую доставку заданий на дом.

Но большая часть учащихся из 21 школы – это 6389 человек перешли на дистанционное обучение. Уштобинская средняя школа – одна из них.

Как прошла первая неделя учебы на «удаленке» - своими впечатлениями с читателями газеты поделились ученики и педагоги этой школы.

В Уштобинской школе насчитывается 604 ученика, и пока школьники были на вынужденных каникулах, педагоги выясняли технические возможности у своих учеников в случае перехода на дистанционное обучение.

- Было выявлено, что у некоторых учеников не было компьютера или ноутбука, кто-то не имел



обратились ко всем неравнодушным с призывом помочь таким ученикам, опубликовали объявления в группе в мессенджерах. Наше обращение не осталось без внимания. Было очень много откликов, в том числе и от бывших учеников школы.

Благодаря неравнодушию выпускников школы и педагогам были приобретены 3 новых смартфона и один блу в хорошем состоянии, 5 ученикам подключили тариф с Интернетом, 10 учеников получили во временное пользование школьные компьютеры. Школьные компьютеры также были переданы и 30 педагогам. Словом, к 1 апреля, когда

науки. Каждый регион в конференции представляли по 5 руководителей учреждений образования. Директора имели возможность озвучить свое мнение, поделиться опытом и проблемами, с которыми столкнулись в ходе дистанционного обучения.

- Послушав других, могу точно сказать, что нашей школе повезло, - считает Сауле Жаксылыковна. - Как оказалось, были озвучены проблемы, связанные с отсутствием Интернета, сотовой связи, в каких-то регионах нет телевидения и поэтому уроки руководители школ просили печатать в газетах и журналах. Большинство организовали обучение

на которой свой выбор остановила наша школа – наиболее оптимальный вариант и для учеников, и для педагогов. Платформа легкая, удобная для обучения и для освоения.

Преподаватель-предметник формирует задания в удобное для себя время, успевая совмещать домашние хлопоты и занятия. Все задания педагог старается сделать познавательными, в интересной форме. В школе Анна Сергеевна преподает английский язык с 0 по 11 класс.

- Нам рекомендовали не загружать детей сложными заданиями. Поэтому стараюсь готовить более облегченные, но разноуровневые задания, для каждого ученика индивидуально, - говорит Анна Сергеевна. - К примеру, в классе 16 учеников и у каждого свои способности к языку. Кто-то хочет изучать английский углубленно и в будущем планирует связать свою жизнь с моим предметом. Для таких детей я, конечно, готовлю дополнительные задания. Иначе, если готовить для них облегченные, то это будет регресс.

Есть утвержденное расписание. Первая смена начинается с 8.30, к этому времени все задания уже

за наше образование несем мы сами, по крайней мере, учащиеся старших классов, - говорит Камила. - Учителя отправляют нам задание по конкретной теме, и мы спокойно, не спеша, делаем их, сидя дома, в удобное для нас время.

Пока впечатления о дистанционном обучении у девушки только положительные. Учеба у Камилы начинается в 14.00 и на каждый урок отводится по 40 минут. Все свое время старшеклассница посвящает занятиям и самообразованию. Родители девочки создали все условия, чтобы ребенок получил отличные знания, и Камила старается оправдать их ожидания. Все задания Камила выполняет сама, без подсказок, успевает и на дополнительное обучение по английскому языку, которое тоже осуществляется онлайн с помощью другой образовательной программы «Daryn.online».

Камила старается не унывать и говорит, что карантин рано или поздно закончится, а знания останутся.

А.ЖУМАКАЕВА

На фото: на дистанционном обучении.

Меры социальной поддержки на период чрезвычайного положения

1. Особенности порядка оказания государственной услуги «Назначение государственной адресной социальной помощи» на период чрезвычайного положения?

В соответствии с чрезвычайным положением, введенным на территории страны, в Центрах обслуживания населения и Центрах занятости ограничены прямые контакты.

В связи с этим проводится пролонгация обращений получателей адресной социальной помощи 1 квартала текущего года на 2 квартал.



В случае если семья является получателем государственной адресной социальной помощи (далее – АСП), то в целях исключения прямого контакта АСП на новый период (на 2 квартал 2020 года) будет назначаться **БЕЗ заявления**, если получатель и его семья соответствуют критериям назначения АСП.

Для установления факта соответствия критериям АСП, сотрудник Центра занятости посредством запроса в соответствующие государственные органы определяет следующие сведения (регистрация по месту жительства, на наличие недвижимости, наличие транспорта, наличие ЛПХ, факты получения алиментов, размеры дохода).

Кроме того, для исключения контакта участковая комиссия не проводит обследование семьи.

Результат (уведомление) об оказании АСП направляется в электронной форме посредством связи.

2. Каков порядок обеспечения продуктово-бытовыми наборами отдельных категорий граждан?

На период чрезвычайного положения по поручению Главы государства будут оказаны дополнительные меры социальной поддержки.

Продуктово-бытовыми наборами в период ЧП будут охвачены следующие категории граждан:

- 1) дети в возрасте от шести до восемнадцати лет, из числа получателей адресной социальной помощи;
- 2) инвалиды I, II и III группы всех возрастов;
- 3) дети-инвалиды до шестнадцати лет;
- 4) родители, занятые по уходу за ребенком-инвалидом;
- 5) безработные, официально зарегистрированные в Центре занятости.

На сегодня за счет средств республиканского бюджета **548 детям в возрасте от шести до восемнадцати лет**, из числа получателей адресной социальной помощи, в том числе из многодетных семей, вместо продуктово-бытового набора выплачена социальная помощь на сумму **3 млн. 50 тыс. тенге** (размер помощи на одного ребенка составил 5567 тенге).

Состав продуктово-бытового набора определяется местными исполнительными органами исходя из экономических возможностей, но не ниже двух месячных расчетных показателей. Рекомендовано определить продуктово-бытовой набор **в размере 5 567 тенге** (согласно приказу № 109 от 25.03.2020 года). В целях минимизации контакта с населением, данная помощь будет оказана путем перечисления средств на счета.

3. Кто имеет право на получение социальной выплаты в размере одной МЗП (42500 тенге) на период ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ?

На период чрезвычайного положения распоряжением акима района №44-р от 30 марта 2020 года создан районный штаб по осуществлению социальной выплаты из АО «Государственный фонд социального страхования».

Право получения социальной выплаты в размере одной МЗП (42500 тенге) имеют участники системы обязательного социального страхования и физические лица, получающие доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказания услуг), за которых налоговыми агентами уплачены обязательные пенсионные взносы.

Социальная выплата осуществляется на случай потери дохода в связи с ограничениями деятельности на период действия ЧП следующим категориям:

- работникам субъектов микробизнеса, малого и среднего предпринимательства, индивидуальным предпринимателям;

- лицам, занимающимся частной практикой (нотариус, частный судебный исполнитель, адвокат, профессиональный медиатор);

- физическим лицам, являющихся плательщиками единого совокупного платежа;

- лицам получающим доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказания услуг), за которых налоговыми агентами уплачены обязательные пенсионные взносы (далее – ГПХ).

- в населенных пунктах, где введен **КАРАНТИН** работникам субъектов крупного предпринимательства.

Условие получения социальной выплаты: иметь не менее 1 отчисления в ГФСС за последние 12 месяцев.

Документы на получение социальной выплаты подаются через электронный портал e.gov.kz (обязательно прикрепите удостоверение личности, номер счета и заполненные приложения №2, №3).

На сегодняшний день в отдел занятости и социальных программ за назначением социальной выплаты обратились 100 чел., личные дела которых рассмотрены на заседаниях районного Штаба (проведено 4 заседания).

4. В период ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ для лиц с особыми потребностями, как будут оказываться следующие государственные услуги: «Обеспечение инвалидов санаторно-курортным лечением», «Оформление документов на инвалидов для предоставления им протезно-ортопедической помощи», «Предоставление инвалидам кресла-колясок», «Оформление документов на инвалидов для предоставления им услуги индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении, и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху», Обеспечение инвалидов сурдо-тифлотехническими средствами?»

В связи с внедрением чрезвычайного положения Министерство труда и социальной защиты населения предоставляет возможность онлайн подачи заявки на получение государственных услуг, оказываемых в бумажном формате. Для того, чтобы подать заявку онлайн, необходимо войти на портал e.gov.kz при помощи электронно-цифровой подписи.

При подаче заявки необходимо приложить скан-копии следующих документов: индивидуальная программа реабилитации инвалида (ИПР) и удостоверение личности.

5. В период действия ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ, как будут оказываться услуги жестового языка?

Услуги жестового языка рекомендуем оказывать/получать в режиме «онлайн» дистанционно с помощью мобильных устройств.

6. Как будет осуществляться прием документов (акт оказанных услуг, лист сопровождения) получателей социальной услуги индивидуального помощника?

Указом Президента Республики Казахстан в целях защиты жизни и здоровья граждан в соответствии с Законодательством на всей территории Республики Казахстан введено чрезвычайное положение с 16 марта по 15 апреля 2020 года. В целях недопущения распространения инфекций (коронавирус) и в рамках введения ограничительных мер прием документов (акт оказанных услуг, листы сопровождения) по оказанным услугам индивидуальными помощниками за март месяц текущего года будет осуществляться в электронном формате (сканированные версии).

При этом, после снятия чрезвычайного положения оригиналы подтверждающих документов необходимо предоставить в отделы занятости.

По всем интересующим вопросам, обращайтесь по тел. 21038, 22185, 21402

Уважаемые жители района! В связи с вводом чрезвычайного положения просим всех по возможности не покидать свои дома, отнестись с пониманием к данной ситуации, беречь свое здоровье и здоровье своих близких!

ГУ «Отдел занятости и социальных программ»

Соцпособия через специальный сайт

В Казахстане упростят процедуру получения пособия в размере 42 500 тенге в период ЧП. Подать заявку можно будет через сайт тем, у кого нет электронной цифровой подписи.

Министерство труда и социальной защиты населения Казахстана запустит специальный сайт, с помощью которого казахстанцы, не имеющие электронную цифровую подпись (ЭЦП), смогут получить социальные выплаты в период ЧП.

«Мы специально для выплаты этих 42 500 тенге запускаем сайт. На этом сайте граждане будут подавать свои заявки для получения социальной выплаты, заполнять свои данные. Свои подписи они будут ставить не посредством ЭЦП, а через SMS-пароль, который придет на их сотовый номер», - рассказал на брифинге глава ведомства Биржан Нурымбетов.

Сайт будет работать со 2 апреля. На нем нужно указать ФИО, ИИН, счет в банке и выбрать услугу «выплата 42 500 тенге». Пароль придет по SMS.

Министр добавил, что для тех граждан, у которых нет компьютера или ноутбука, запустят Telegram-бот.

Как получить социальную выплату через Telegram-бот?

Со 2 апреля запущен телеграм-бот «EgovKzBot2.0» для оказания консультаций по государственным услугам. Что умеет этот бот?

1. Предоставлять госуслуги и сервисы портала e.gov.kz (выбрать услугу в меню).

2. Консультировать по государственным услугам и сервисам портала e.gov.kz (напишите вопрос).

3. Принимать аудио/видео и текстовые обращения по вопросам работы чат-бота и услуг портала e.gov.kz (выберите в меню «Оставить обращение»).

4. Направить диалог на оператора call-center (выберите в меню «Связаться с оператором»).

Как получить социальную выплату через Telegram-бот?

1 шаг: необходимо в телеграм канале перейти к боту.

2 шаг: выбрать услугу «Выплата 42500 на период ЧП».

3 шаг: заполнить данные, необходимые для формирования заявления.

4 шаг: заявление поступает к информационную систему «Рынок труда», проходит проверку данных в течение 1 дня (заявления плательщиков единого совокупного платежа не будут проходить проверку).

5 шаг: информация поступает в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» в информационную систему «Е-Макет» для обработки заявления в течение 1 дня.

6 шаг: НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» направляет заявление в ГФСС для назначения и выплаты пособия.

7 шаг: на Telegram направляется ответ о назначении социальной выплаты.

Выплата осуществляется посредством перечисления на счет получателя в банк второго уровня.



Баға қайда барады?

«Сен саясатпен айналыспасаң да саясат сенімен айналысады» деген бар. Саясат деген – ең алдымен күнделікті тұтынатын заттардан басталады. Адам баласы тіршілік ету үшін ас тұтынады. «Бір күн қарны аш адамнан қырық күн ақыл сұрама» деген де бар. Сонау ашаршылық жылдарында ата-бабамыз астың бағасын

«Алтын-күміс тас екен, бидай арпа – ас екен» деген тіркестерімен білдірген. Міне, осыған қарап астың адам өмірінде алатын орнын түсінуге болады. Адам баласы болған соң басымыздан түрлі-түрлі оқиғаларды өткізіп жатамыз.



Өмірге «кәсіпкер», «фермер» деген жаңа сөз тіркестері келді. «Фермер» немесе шаруа қожалығы деген сөздердің астарына үңілер болсақ, қарапайым ғана шаруа адамы жеке меншігінде төрт түлік малдың кез келген түрін ұстап, оны баптап, семіртіп, күтіп, күзде халықтың тұтынуына ұсынады немесе саудалайды. Бұл адамдар үшін мереке, демалыс деген жоқ. Егін өнімдері де осылайша күз келгенде адамдарға саудаланады. Бұның адал еңбек екеніне ешкім дау айта қоймас деп ойлаймыз. Қажырлы еңбегін сіңіріп, маңдай терін сүртіп отырып ішкен астың сіңімді әрі дәмді болары оларға бесенеден белгілі.

Қазіргі таңда кәсіпкер деген атпен қаншама адамдар дүкендер, дәріханалар, асханалар ашып, отбасына нәпақа тауып жүр. Кәсіптері – облыс орталығындағы көтерме тауарлар сататын нүктелерден дайын өнімдерді әкеліп, үстіне баға қосып сату. Немесе қаладан арнайы фирмалар әкеліп береді. Енді кәсіпкер мен фермердің айырмашылықтарын өзіңіз байқай аласыздар. Үкіметіміз осындай адамдардың құқықтарын қорғап, оларға қаншама жақсы жағдайлар жасауда. Алайда, осы категорияға кіретін сауда нүктелерінен көбінесе ренішпен қайтып жатамыз.

Атап айтсақ, Ботақара көнітіндегі бір де бір азық-түлік дүкенінде «Әлеуметтік бұрыш» ашылмаған. Әлеуметтік аз қамтылған топ баршаға бірдей бағамен азық-түлік өнімдерін сатып алады. Бұл бір дейік. Екіншіден, көптеген дүкендерде тауардың құны жазылып қоймайды. Әсіресе, шұжық, көкөністерге. Сатушының алдына келгенде оның аузынан шыққан бағаны беріп, есеп айырысамыз. Жаңа касалық аппараттардың да тұтынушыға берері шамалы. Олар жай ғана сатушының алдында тұрады, ол аппараттан күнделікті қаншама теңгенің өнімі сатылғанын ешқандай салық органы біле алмайды, әрбір тұтынушы да өзінің қандай өнімді қандай мөлшерде, қандай бағамен алғанын білмейді, себебі онымен сатушы дос емес, яки жұмыс істемейді. Касалық аппарат – сәндік үшін қойылғандай әсер аламыз. Осылай жұмыс істеу сатушылар қауымына тиімді болар деп ойлаймыз. Жанымызда тиіп тұрған облыс орталығындағы кез-келген дәріхана, дүкендерден олардың өнімін алғаның үшін қолыңа чек алып шығасың. Оған қарап, қаражатыңды қаншалықты тиімді игергеніңді бағамдай аласың. Тіпті сізге қандай адам қызмет көрсеткені де, қанша тиын қайтарылғаны жазылып қойылады. Жаңа технологияларға көшіп, дамып жатқанымызбен, аудан орталығындағы дүкендер әлі де 90-жылдардың деңгейінде жұмыс істеп жатыр деп айтуға болады.

Бір қызығы, елімізде әлдебір төтенше жағдайлар орын алғанда, ең алдымен осы дүкендердің бағалары аспанға шарықтап, шыға келетінін байқайсың. Ұн, сұйық май, қант, жармалар миға қонымсыз бағалармен сатыла бастайды. Ал ол тауарлар тыныш күндері, бір ай, жарты ай бұрын өкелінеді дүкен қоймаларына. Жанар май шығындалған жоқ, тауар сол түні өкелінген жоқ, сонда олардың бір түнде бағасы қалайша аспандап кетеді? Оған не себеп? Бұны қадағалайтын орындар бар ма? Басты себеп – дүкен иелерінің өз жерлестеріне деген мейірімсіздігінде деген ой келеді.

Сәуір айының 3-жұлдызында Бұқар жырау аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының бірінші орынбасары М.Нұрланов, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы А. Жексембаева, кәсіпкерлік бөлі-

мінің басшысы Л.Лузикова, редакция қызметкері аудан орталығындағы дүкендерді аралап, мониторингтегі 19 түрлі өнімдердің бағасын тексерді. Қарапайым шаруа адамы күзде ешбір дүкенге, асханаға өткізе алмайтын картоп өнімі ауданымызда 170 теңгемен сатылуда. Ал төтенше жағдайға дейін 90 мен 100 теңгенің аралығында болған. Қант 320 теңге, ал төтенше жағдайға дейін 180 теңгемен сатылған. Қарақұмық жармасы 450 теңгеге шырқап кеткен. Азық-түліктің басқа да түрлері барынша қымбаттаған. Және бұл аралықта ауданымыздың бір де бір мекеме қызметкерлеріне жалақы қосылған жоқ. Осы күндер нанның бағасы да жекелеген дүкендерде 95 теңгеге дейін барғанын көзімізбен көріп, қолымызбен сатып алдық. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін ұзын сары, көктем айында күн ұзарып, ойын баласының белсенді болатын кезі, олар енді қайтеді.

Нанның өзі осындай бағамен сатылып жатқанда, басқа өнімге олардың ата-аналары қаражатты қайдан алады. Көпбалалы отбасылардың жағдайы не болатынын кө-



зімізге елестету де қиын. Оған төтенше жағдайға байланысты көптеген мекемелердің жұмыс істеуін тоқтатқанын қосыңыз.

Біз осы құраммен Николаевтардың отбасылық дәріханасына бардық. Ол жерде қол жууға арналған антисептикалық құралдардың барына көз жеткізіп, вирусқа,



тұмауға қарсы өнімдердің барлығын сұрадық. Әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған әрі арзан, әрі тиімді препараттардың дәріханада үнемі болуы керектігі қызметкерлер назарына салынды. Марат Қуанышұлы болған жерлердің бәрінде бағаны тұрақты ұстаңыздар деген өтінішін білдірді. «Биосфера» дәріханасы да барған нүктелердің бірі болғанын айта кету керек.

«Қанағат қарын тойдырар» деп дана халқымыз тегін айтпаған болар. Еліміздің бір бөлшегі болғандықтан біздің дүкен иелеріне, дәріхана, асханалар иелеріне айтар тілегіміз бар, бағаларыңызды тым аспандатпаңыздаршы, бірқалыпты ұстап тұрыңыздаршы. Еліміздегі әрбір баланың дені сау болып өсіп жетілуінде сіздердің де қосатын үлестеріңіз орасан. Мына қиын жағдайдан аман-есен шығып, күнделікті мамыражай тіршілігімізге оралсақ, бізден бақытты адам болмас деген жолдармен жазбамызды аяқтаймыз.

Қ.АХМЕТОВА
Д. Торжановтың суреттері

Весна порадовала крестьян Казахстана

«Все станет ясно после Наурыза!» – отвечали в марте карагандинские фермеры на просьбу прокомментировать, какой аграрный сезон они ждут. И вот, сегодня все сходится во мнении, что прогноз положительный. Более того, специалисты уверены, что мы подошли к двум наиболее благоприятным годам семилетнего цикла. И имеем все основания ждать высоких урожаев как в 2020, так и в 2021 годах.



Как отметил Бауыржан Калымов, директор Карагандинской сельскохозяйственной опытной станции им.А.Христенко, весна сложилась благоприятно. Резкого потепления не случилось, поэтому снег таял постепенно, и влага впитывалась в почву, а не уходила в низины. Таким образом, можно говорить о хорошей стартовой влагозарядке.

Что касается снега, то его за зиму навалило очень много.

– Учёные нашей станции ведут наблюдения за обеспеченностью влагой уже полвека, – рассказал Бауыржан Калымов. – По их оценке, за 50 лет было всего шесть сезонов, когда объем зимних осадков оказался сопоставим с нынешним. Их выпало в два раза выше нормы: с сентября по апрель – 288 мм.

Естественно, этот факт говорил о том, что начальные условия для развития культур очень хорошие. Накопленной влаги хватит для того, чтобы получить сильные всходы. Однако, выльется ли все это в итоге в хороший урожай – пока вопрос.

Первый нюанс – это влияние сорняков. Если апрель будет теплым, то они начнут активно развиваться и вытягивать влагу из земли. Один сорняк выпивает ее в два раза больше, чем культурное растение. Конечно, идеальный вариант – это провести предпосевную обработку почвы для борьбы с сорной растительностью, механическую или химическую. Однако в настоящий момент у многих фермеров сложности с финансами. И эти мероприятия им могут оказаться не по карману. Что в итоге приведет к снижению объема и качества урожая.

Есть и другой возможный вариант – прохладный апрель. Тогда сорняки не успеют начать бурное развитие до сева, и фермерам будет легче.

Второй фактор риска – это осадки летом. А вернее, возможное их отсутствие.

